

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 50 (9368) |

1954

жылғы

7

март

Жексенбі

Шығуына 35 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Халықаралық әйелдер күні—8 март жасасын!

### ★ Коммунизмнің белсенді кұрылысшылары

Ертең —Халықаралық әйелдер күні. Коммунизм құрылысшылары—совет әйелдері бүкіл совет халқымен бірге бұл дәстүрлі мерекені еліміздің еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік қоғам құруда жана зор табыстарға ие болған жағдайда атап өткелі отыр.

8.март еліміздің барлық еңбекшілері мен совет әйелдерінің дәстүрлі жарқын майрамына айналды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде экономикалық, әлеуметтік және саяси еркіндіктен мәңгіге азат болған совет әйелдері бұл мерекені жыл сайын зор мақтанышпен атап өтеді.

Совет әйелдері —дүние жүзіндегі ең бақытты әйелдер. Совет елінде шаруашылық, мемлекеттік, мәдениет және қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларында әйелдер еректермен тең праволы. Социалистік қоғамның бұл ұлы жеңісі ССРО Конституциясында алтын өршімен жазылған. Совет Конституциясы әйелдерге еректермен тең право беріп ғана қоймай, олардың праволарының толық жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Совет әйелдері быйылғы жылы өзінің дәстүрлі мерекесін совет халқы Коммунистік партияның XIX съезінің тарихи қарарларын жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізіп жатқан саяси зор өрлеу жағдайында қарсы алғалы отыр.

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің еңбекшілерінің материалдық әл-ауқат дәрежесін бұрынғыдан да жақсарту тусу жолында қажырлы күрес жүргізуде. Партиямыз бен үкметіміздің совет адамдарының материалдық әл-ауқат дәрежесін жақсарту бөруге бағытталған шараларын еліміздің еңбекшілері зор қанағаттанандық сезіммен қарсы алып, халық шаруашылығының барлық салаларын, ең алдымен, ауыл шаруашылығын бұрынғыдан да мықтап өркендету жолында жанқиярлықпен еңбек етуде.

Еліміздің еңбекшілерінің бұл игі мақсатты күресіне совет әйелдері де келеді

Республикадағы институттарда, техникумдарда, ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту мекемелерінде 18 мың әйел жұмыс істейді. Олардың ішінде жүздеген қазақ әйелдері бар.

Республикамыздың әйелдері мемлекетті басқару ісіне барған сайын белсене қатынасауда. Республикамыздан ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына 13 әйел, оның ішінде 9 қазақ әйелі сайланды. 148 әйел, оның ішінде 70 қазақ әйелі —республикамыздың Жоғарғы Советінің депутаты. Сол сияқты, көзір республикамыз бойынша 14 әйел ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттыққа ұсынылды.

Партиямыз бен үкметіміз әйелдердің қоғамдық өмірге белсене қатынасуына, өздерінің білім дәрежелерін көтеруіне және материалдық тұрмысына үнемі қамқорлық жасап келеді. Елімізде балалар бақшаларының, яслилері мен балалар аялдарының саны жылдан-жылға көбеюде.

Партия мен үкметіміз, әсіресе, ана мен балаға зор қамқорлық жасауда. Мемлекетіміз бұл мақсатқа жыл сайын жүздеген миллион сом қаржы жұмсап отыр.

Біздің елімізде ана-әйелдер коммунизмнің болашақ құрылысшыларын тәрбиелеуде. Совет елінде ана-әйелдер құрмет-қошметекке бөленген.

Бүкіл совет әйелдерімен бірге біздің облысымыздың әйелдері де партия мен үкмет алға қойған міндеттерді жүзеге асыру күресіне белсене қатынасауда. Мамлют совхозының сауыншысы Жамал Есенова, Тоқшын совхозының сауыншысы Винайна Қақыбаева, таразы заводының қалыңшы әйелдер бригадасының бригадирі Саған, былғары заводының жұмысшысы Марченко жолдастарды облысымыздың еңбекшілері мақтан етеді.

Көзір партия мен үкметіміз тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы егіс көлемін кеңейте түсіп, астық өндірісін мықтап арттыру міндетін қойып отыр. Облысымыздың әйелдері бұл міндетті жүзеге асыру күресіне де белсене қатынасауда. Бұрынғы механизатор әйелдер ауыл

### ★ Еңбегім—Отан үшін

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі нәтижесінде біздің елімізде әйелдер ерлермен бірдей толық право: сайлау, сайлану, оқу, демалу, еңбек ету правосын алды. Бұл право ССРО Конституциясында толық жазылған. Ұлан-байтақ еліміздің барлық жерлерінде совет әйелдері ерлермен қатар бейбіт еңбек етіп, көрнекті табыстарға жетуде.

Совет халқы Халықаралық әйелдер күні—8 мартты быйылғы жылы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу қарсаңында зор патриоттық өрлеу үстінде мерекелеп отыр. Совет әйелдері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасып, Халықаралық әйелдер күні — 8 мартты жаңа зор өндірістік табыстармен қарсы алды.

Мен қаладағы таразы заводында 1951 жылдан бөрі үлгі құюшы болып істеймін. Жыл сайын өнімді жұмыс істеп, жоғары өндірістік табыстарға жетіп келемін.

Заводтың мен жұмыс істейтін құю цехы кровать, утюг, планта сияқты халық тұтынатын товарлар шығарады. Бұл аса жауапты және абыройлы жұмыс. Партиямыз бен үкметіміз халық тұтынатын товарлар молшылығын жасау міндетін қойып отырғанда мұның маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Өткен жылы біздің цех партиямыз бен үкметіміздің халық тұтынатын товарлар шығаруды ұлғайту және оның сапасын жақсарту жөніндегі қаулысын орындау жолында еңбек ете отырып, айтарлықтай табыстарға жетті. Бұған бір жылда екі норма орындап, мен де өзімнің үлесімді қостым. Осының нәтижесінде еңбекшілерге көпшілік тұтынатын товарлар едәуір көп берілді.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі бүкілхалықтық социалистік жарысқа ұштасып, еменалық тапсырмамды ойдағыдай орындап келемін.

Мен 14 мартты —ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін өндірістік тапсырмаларды асыра орындаумен қарсы алып, сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар бәлігінің кандидаттарына қуанышпен дауысымды беремін.

Ертең—Халықаралық әйелдер күні.  
Коммунизмнің белсенді құрылысшылары  
—совет әйелдерінің даңқы арта берсін!



...қосады. Олар коммунизм орнату жолындағы күрескерлердің алдыңғы сапында келеді.

Совет әйелдері коммунистік құрылыстың барлық салаларында жемісті еңбек етіп жүр. Елімізде әйелдер еңбек істемейтін шаруашылықтың бірде-бір саласы жоқ.

Сол сияқты, әйелдер мемлекетті басқару ісіне де ерлермен бірдей қатынасады. 1950 жылы ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына 280 әйел сайланды. 2209 әйел—одақтас және автономиялық республикалар Жоғарғы Советтерінің депутаты, жарты миллионнан аса әйелдер—жергілікті Советтердің депутаттары.

Совет әйелдері халық шаруашылығының барлық салаларында жанқиярлықпен еңбек етудің үлгісін көрсетті. Олар өнеркәсіпте, транспортта, ауыл шаруашылығында, ғылым, мәдениет пен искусство салаларында, халық-ағарту және денсаулық сақтау орындарында жанқиярлықпен жемісті еңбек етіп жүр. Совет әйелдерінің Отан игілігі жолындағы қажырлы еңбегі халық тарапынан, партия мен үкімет тарапынан лайықты баға алуға. 2234 әйел Совет Одағының Батыры және Социалистік Еңбек Ері құрметті атағына ие болды. 800 мыңнан аса әйел ССРО ордендерімен және медальдарымен наградталды, 741 әйел Сталиндік сыйлық алды.

Совет өкметі қазақ әйелдерін де езілділіктен, күндіктен құтқарды. Қараңғылықта, теңсіздікте және қорлықпен өмір сүрген қазақ әйелдері совет өкметі арқасында бақытты жарқын өмірге қолы жетті. Кәзір қазақ әйелдері халық шаруашылығының барлық салаларында жемісті еңбек етеді. Олар ғылым мен мәдениетті өркендетуге белсене қатынасады.



Комсомолка-фрезеровщица Р. Федорова тың және тыңайған жерлерді игеруге белсене қатысу үшін Отанымыздың астанасы—Москва қаласынан біздің облысымызға келді.

СУРЕТТЕ: Райса Федорова жолдастың Петропавл вокзалында тұрған суретті түсірген А. Розенштейн.

шаруашылығына қайта оралуға.

Совет әйелдері дүние жүзінің бейбітшілік ісі үшін күрескер әйелдерінің алдыңғы сапында келеді. Совет әйелдері барлық елдердің әйелдерімен интернационалдық байланысты нығайта түсіп, бейбітшілік пен халықтар арасындағы достық үшін белсене күресуде.

Социализм мен демократия жолына түскен Қытай Халық Республикасының, Корея Халық-Демократиялық Республикасының, Германия Демократиялық Республикасының, Болгарияның, Румынияның, Польшаның, Венгрияның, Чехословакияның, Албанияның әйелдері жаңа өмір құруда совет әйелдерінен үлгі алуға.

Еліміздің әйелдері Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қарарларын жүзеге асыру жолында шаруашылықтың барлық салаларында қажырлы еңбек етуде. Бүкілхалықтық мереке—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына белсене әзірленуде.

Халықаралық әйелдер күні—8 мартты совет әйелдері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік кезінде, зор саяси өрлеу жағдайында қарсы алғалы отыр. Сайлау күні бүкіл совет әйелдерінің ұрыстарға келіп, коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогі ұсынған кандидаттарға бірауыздан дауыс беріп, Коммунистік партия мен Совет Үкіметіне шексіз берілгендіктері мен сүйіспеншіліктері көрсететіндігі сөзсіз.

Совет әйелдері халық шаруашылығының барлық салаларында Отан игілігі жолында аянбай еңбек ете береді.

Коммунизмнің белсенді құрылышылары—совет әйелдерінің даңқы арта береді! Халықаралық әйелдер күні—8 март жасасын!

...мне, мұның бәрі ССРО Конституциясында көрсетілген ұлы праволардың жүзеге асырылуының айқын сипаттамағы. Мен бүкіл совет әйелдері сияқты бейбітшіліктің тірегі—ұлы Отанымыздың экономикалық күш-қуатын арттыра беру үшін бұдан да жақсы еңбек етемін.

Н. ВИШНЯКОВА,

Таразы заводының үлгі құюшысы.

## Әйелдер қоғамдық еңбекке белсене қатысуда

«Щит» колхозы Октябрь ауданындағы ірі колхоздардың бірінен саналады. Кәзіргі заманғы техникамен қаруланған колхоздың шаруашылығын жан-жақты өркендетіп, егін және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы күресте колхозшы әйелдер тамаша көрсеткіштерге ие болып отыр.

Мәселен, Мария Бодня, Евдокия Плаксивая, Елкатерина Ночевная жолдастар бірнеше жылдан бері колхозда сауыншы болып істейді. Олар сыйырлардан сүтті көп сауу, алынған төлдерді аман өсіру жөнінде өздерінің көп жылғы тәжірибелерімен, қол жеткен табыстарымен басқа сауыншыларға үлгі көрсетіп келеді. Өткен ауылшаруашылық жылында олардың әрқайсысы өздерінің қарамағындағы 12 сауын сыйырдан 12 бузау алып, оларды шығынсыз өсірді және әрбір сауын сыйырдан 1650 литрден сүт сауды. Олардың әрқайсысы өздерінің бұл еңбегі үшін 300 пұттан астық, 3500—4000 сомнан ақша алды. Сонымен бірге, колхоз бұл сауыншылардың әрқайсысына қосымша еңбек ақыға 19—20 центнерден сүт және бір-бір торпақ берді.

Колхозда бұлар сияқты мал басын көбейтіп, мал шаруашылығынан өнімді нәтижелі көп алу жолында қажырлы еңбек етіп жүрген әйелдер көптеп саналады.

Колхоздың егін шаруашылығында тікелей жұмыс істейтін колхоз мүшелері арасында өздерінің қажырлы еңбегімен көзге түсіп жүрген колхозшы әйелдер аз емес. Олардың қатарына А. Рудницкая, П. Бойченко, В. Марченко, З. Белашенко, Лидия Ващенко, Н. Доценко және М. Марченко жолдастарды және басқаларын қосуға болады.

Колхозда әйелдердің қоғамдық еңбекке үнемі қатысуы үшін толық мүмкіншілік жасалған. Егіс бригадаларында, мал фермаларында жазғы дала жұмыстары кезінде балалар яслилері ұйымдастырылған. Мұның өзі жас баласы бар әйелдердің де колхоздағы қоғамдық еңбекке белсене қатысуына мүмкіндік береді.

Колхоз партия ұйымы (секретары Чайников жолдас) колхозшы әйелдердің арасында социалистік жарысты нәрменді ұйымдастырып, олардың еңбекке деген ынталарын арттыруда. Партия ұйымы колхозшы әйелдер арасында саяси-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын өрістетіп жүргізу мәселесімен де жете шұғылданып отырады.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,  
(Өз тілшіміз).

# БІЗІМІН ДОСТЫҒЫМЫЗ МЫЗҒЫМАЙДЫ!

Бейнелеу искусствосының Мемлекеттік баспасы басып шығарған суретші В. Корецкийдің плакаты.

## Облыс әйелдерінің мерекеге тартуы

\*\*\*  
Ф. ӘЛІБЕКОВА,

ҚКП обкомінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің нұсқаушысы

\*\*\*

Ертең—Халықаралық әйелдер күні. Еліміздің әйелдері бұйып өздерінің дәстүрлі мерекесін ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы қарсаңында, бүкіл совет халқы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қарарларын, тың және тыңайған жерлерді меңгеру жөнінде партия мен үкімет алға қойып отырған аса зор және жауапты міндетті мүлтіксіз жүзеге асыру жолында қызу күрес жүргізіп отырған кезеңде қуанышпен мереке-леп отыр.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі арқасында қанаушылықтан және күндіктен мәңгіге азат етіліп, тарихта тұңғыш рет ерлермен тең праваға ие болған совет әйелдері еліміздің саяси-шаруашылық және мәдени өміріне, коммунистік қоғам құру ісіне белсене қатысумен бірге, бейбітшілік және демократия үшін күресте дүние жүзі әйелдерінің алдыңғы сапында келеді.

Еліміздің барлық еңбекшілері сияқты облысымыздың әйелдері де өздерінің дәстүрлі мерекесін саяси зор өрлеу үстінде өндірістік табыстармен қарсы алды. Облыс кәсіпорындары мен темір жол транспортында және мекемелер мен ұйымдарында 15 мыңнан астам әйел еңбек етіп жүр. Қаладағы кәсіпорындарының өзінде әйелдерден 243 бригада құрылған. Олардың ішінде 93 бригада «Жоғары сапалы өнім бригадасы» деген құрметті атаққа ие болып отыр.

Жұмысшы әйелдер ішінде бесжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындап шыққан озат өндірісшілер аз емес. Мәселен, былғары заводының жұмысшысы В. Марченко жолдас бесінші бесжылдықтың үш жылы ішінде 4,5 жылдың тапсырмасын орындап шықты. Паровоз депосының машинисі Ш. Новицкая жолдас өзінің қажырлы еңбегімен депо коллективінің құрметіне ие болып отыр. Бұлар сияқты озат жұмысшы әйелдер облыс кәсіпорындарында көптеп саналады.

Тең праволы совет әйелдері колхоз өн-

дірісінде үлкен күш болып отыр. Колхозшы әйелдер қоғамдық еңбекке белсене қатысып, кәзіргі заманғы қуатты ауылшаруашылық техникасын ерлермен бірдей еркін меңгеруде.

Колхоз, совхоз далаларында егіннен мол өнім алу, егін шаруашылығының мәдениетін арттыру жолында жанамай еңбек етіп жүрген, қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру үшін қажырлы күш жұмсап отырған әйелдер біздің облысымызда да көптеп саналады. Мәселен, Ленин ауданындағы Пушкин атындағы МТС-тің тракторшысы Анна Малыгина өткен жылы «ДТ—54» тракторымен 1007 гектар жер жұртып, 1058 килограмм жанар май үнеміесе, Соколов, ауданы, Налобин МТС-нің комбайншысы Галина Стутницкая «Сталинец—1» комбайнымен 450 гектар орнына 540 гектар жердің егінін жыйнап, 5033 центнер астық бастырды. Ал, Полудень ауданындағы Токшын совхозының сауыншысы Қақыбаева жолдас өткен жылы қарамағындағы 13 сыйырдың әрқайсысынан 2800 литр орнына 3215 литрден сүт саууға жетісті.

Облысымыздың әйелдері партиямыз тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде кәзір алға қойып отырған міндетті жүзеге асыру ісіне белсене қатысуға деген ынтасы күшті екендігін іс жүзінде көрсетіп отыр. Бұрын тракторшы, комбайншы болып істеп, кейіннен колхозда басқа жұмыстарға ауысып кеткен 402 әйел жаңадан тракторда, комбайнда жұмыс істеуге тілек білдірді.

Қаладағы өнеркәсіп орындарынан бұрынғы мамандығы бойынша ауыл шаруашылығына қайта оралуға тілек білдір-

гендердің ішінде 96 әйел, ал, механизаторлар курстарына оқуға баруға тілек білдіргендердің ішінде 157 әйел бар. Мұнымен бірге, 6 әйел бас мал дәрігері, 11 әйел зоотехник болып, 75 әйел өз мамандығы бойынша қызмет істеу үшін колхоздармен МТС-терге жүріп кетті.

Міне, бұл фактілердің бәрі облысымыздағы жұмысшы, қызметші және колхозшы әйелдердің Халықаралық әйелдер күні—8 март мерекесін лайықты қарсы алып, партиямыздың шақыруына қуанышпен үн қосып отырғанын айқын дәлелдейді.

Үкметіміз бен партиямыз ана мен балаға үнемі қамқорлық жасап отырады. Бүкіл еліміздегі сияқты біздің облысымызда да көптеген балалар бақшалары мен яслилері жұмыс істейді. Мұның өзі әйелдердің шаруашылықтың түрлі салаларында еңбекке белсене қатысуына толық мүмкіндік береді.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша өткен жылы облысымыздағы көп балалы және жеке басты аналарға мемлекет тарапынан 14 миллион 22 мың сом мөлшерінде көмек көрсетілді. 17 ана «Ардақты ана» атағына ие болып, 1798 ана «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалімен» наградталды.

Үкмет пен партияның қамқорлығына бөленген облысымыздың әйелдері барлық совет әйелдерімен бірге ертең—мереке күні өздерінің еңбек майданында қол жеткен табыстарының қорытындысын шығарып, халық шаруашылығында және мәдени құрылыста бұдан былай да қажырлылықпен еңбек етуге серт береді.

Кәзір бүкіл елімізде ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарыс кеңінен өріс алуға. Облыс әйелдерінің бұл мерекелі күнді өндірістік тапсырмаларды асыра орындаумен қарсы алатындығы, ССРО Конституциясында өздеріне берілген праволары пайдаланып, сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына бірауыздан дауыс беретіндігі күмәнсіз.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—бүкілхалықтық іс

# Тың жерді игеру—астық өндіруді арттырудың кепілі

Құнарлы жер

★  
М. ЛЫМАРЬ,  
Совет МТС-нің директоры  
Н. ПАВЛЕНКО,  
МТС партия ұйымының секретары



да кемінде 1500—2000 гектардан жаңа жерлерді игереді отыр.

Біз МТС қамтуындағы колхоздар бойынша 1954 жылы кемінде 14200 гектар жаңа жерді игеруді жоспарлап отырмыз. Тек үстіміздегі көктемде 3500 гектар тың және тыңайған жерлер жыртылып, оған дәнді дақылдар, негізінен бидай егілетін болады. Келесі жылы жүзеге асырылатын жұмыс мұна да зор. 1955 жылы үстіміздегі жылғыдан басқа тағы да 15345 гектар тың және тыңайған жерлерді игеруді көздеп отырмыз. Демек, 1954—1955 жылдары МТС қамтуындағы колхоздарда күні бүгінге дейін пайдаланылмай келген 29.545 гектар тың және тыңайған жерлер толық игеріледі. Сөйтіп, колхоздарымыз астық шаруашылығының өндірісін мықтап ұлғайтады. Осының негізінде ауыл шаруашылығының бүкіл саласында, соның ішінде қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде бұрын-соңды болып жермеген жаңа табыстарға қол жетеді.

Бұл игі мақсатқа жету үшін бізде мүмкіншіліктің бәрі де бар. МТС маман кадрлармен, жаңа техникамен көптеп толықтырылуда. Біз тың және тыңайған жерлерді көтеру үшін арнаулы үш трактор отрядын ұйымдастырдық. Бұл отрядтардың құрамында 10 трактор бригадасы бар. Жаңа жерлерді игеретін механизмдер толықтырылды. Мәселен, трактор бригадаларының бригадирлігіне МТС-тің бұрынғы аға механигі, коммунист Погуляев, станциядағы озат бригаданың бригадирі Любесток жолдастар белгіленді. Тың және тыңайған жерлерді игеретін бригадалар тек жаңа тракторлармен қамтамасыз етіледі.

Үстіміздегі жылы біздің станция жаңа қуатты, шынжыр табанды 45 «С—80» және «ДТ—54» тракторлар және басқа көптеген ауылшаруашылық машиналар алады. Біз кәзірдің өзінде 6 жаңа трактор, 250 ауыр тырмалар, 24 сеялка, 16 бес корпусты трактор соқаларын алдық.

Біз жоғарыда тың және тыңайған жерлерді іріктеп алып, оны игерудің жоспарын жасауды аяқтағанымызды айттық. Кәзір МТС-тің агрономдары мен колхозшы шаруалар үстіміздегі жылы жұмысстала-тың жаңа жерлерде агротехникалық шаралар жүргізуде. Барлық колхоздарда 1954 жылы жыртылатын тың және тыңайған жерлерге қар тоқтату жұмыстары қызу жүргізілумен бірге, бұл жерлерге

Партия ұйымы өзінің бүкіл жұмысын сентябрь Пленумының қаулысын кеңінен насихаттау, МТС қызметкерлерінің күш-жігерін ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің зор программасын ойдағыдай орындау мақсатына бағыттауда. Біз ең алдымен коммунистердің өндірісте авангардтық роль атқаруына, олардың бұқаралық-саяси жұмысқа белсене қатысуына жетістік.

Жөндеу мастерскойында жұмыс істейтін коммунистердің бәрі де жұмыс нормаларын асыра орындайды. Токарь коммунист Шмелов жолдас сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа белсене қатысып, күн сайын жұмыс нормасын 150—160 процент орындап жүр. Басқа коммунистер жөнінде де осыны айтуға болады. Сонымен қабат, олар жөндеу мастерскойында үгітші болып істейді. Мәселен, коммунистер Бондаренко ұста цехында, Сидоров мотор цехында, Махия мен Парунов монтаж цехтарында, Пожиткин токарь цехында арнаулы жоспар бойынша өлгімелер өткізіп, дауыстан газет оқыды, жөндеушілердің социалистік жарысын ұйымдастырады. Үгітшілер өздерінің өлгімелерін МТС-тің алдында тұрған міндеттермен тығыз ұштастырып, озаттардың жұмыс тәжірибелерін насихаттайды.

Социалистік жарыстың қорытындысы он күн сайын шығарылып, озат цехқа ауыспалы Қызыл Ту беріледі. Әрбір цехтың және жеке жөндеушілердің күнделік жұмысының нәтижесі көрсеткіш тақталарына жазылады. Жөндеу мастерскойында әрбір бес күнде бір рет жауынгерлік лекток, ай сайын қабырға газеті шығады. Онда озат механизмдердің тәжірибелері насихатталып, жұмыстағы кемшіліктер батыла сынға алынады.

Бізге МТС интеллигенттерінің күшімен лекторлар тобы жұмыс істейді, оның құрамында бас инженер Лазарев, бас агроном Борзакоский, МТС директоры Лымарь—барлығы жеті адам бар. Жакында Лазарев және Борзакоский жолдастар механикаторлар үшін «Озат МТС-тердің тәжірибелері», «Біздің МТС-тің қамтуындағы колхоздардың жағдайында шөп танапты егіс жоспарын енгізу және оны игеру» деген тақырыптарда лекциялар оқыды. Мұндай лекциялар бізде жиі ұйымдастырылады.

Кәзір партия ұйымы бұқаралық-саяси жұмысты тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі міндеттерге байланыстыра жүргізуде. Жаңа жерлерді игеретін трактор отрядтарында жұмыс істеуге коммунистер бірінші болып тілек білдірді. Коммунистер Погуляев, Любесток, Игнатенко, Порухов жолдастар тың және тыңайған жерлерді игеретін трактор бригадаларын басқарады. Бұл патриоттық істе партияда жоқ механизмдер коммунистерден үлгі алуға.

## Теміржолшыларға қамқорлық

Коммунистік партия мен Совет үкіметі еңбекшілердің материалдық әлауқатын және мәдени дәрежесін барынша арттыру үшін үзбей қамқорлық жасап келеді. Бұл өкелік қамқорлықтың айқын мысалдарын Петропавл теміржол станциясы жұмысшыларының өмірінен айқын көруге болады.

Партия мен үкмет өткен жылы теміржолшыларды үйлермен және жатақханалармен қамтамасыз ету үшін миллиондаған сом қаржы босатты. Соның нәтижесінде теміржолшыларға өткен жылы 2500 шаршы метрге жуық тұрғын үйлер мен жатақханалар пайдалануға берілді. Бұл —1952 жылмен салыстырғанда әлде қайда көп.

Тек қана соңғы үш жылдың ішінде үкмет станция машинистері үшін 65 тұрғын үй салып берді. Кәзір бұл үйлер теміржол станциясының жанында депо машинистерінің поселкесін құрап тұр.

Жуырда 2-құрылыс участогінің коллективі паровоз депосы жұмысшылары үшін асхана үйін пайдалануға берді. Бұл —станциядағы әсем, көрікті үйлердің бірі. Асхананың екі үлкен залы түрлі оюлармен әшекейлендіре безелген. Зал қымбатты мебельдермен жабдықталған. Асхананың және орталық жылыту орны, суытқыш бөлмесі, суық

және қайнаған су трубалары және басқалары бар.

Кәзір станцияның құрылыс алаңдарында жұмыс қызу қарқынмен жүргізілуде. Құрылысшылар ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

Құрылысшылардың социалистік жарысында қарт тасшы Александр Конкин жолдас алда келеді. Ол өзінің сменалық жоспарын 1,5—2 еседен орындап, басқаларға үлгі болуда.

Құрылысшылардың қатарында фабрика-завод оқуы мектебін бйыыл бітірген жастар да бар. Жас құрылысшы-мастер Иван Курканин ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі еңбек вахтасына тұрып, күнделік тапсырманы екі еседен орындап жүр.

Станция құрылысшылары жуырда өздеріне тағы да көтеріңкі міндеттемелер алып, сайлау күніне дейін 16 пәтерлі тұрғын үйдің құрылыс жұмысын аяқтауға міндеттенді.

Жуырда станция теміржолшыларының тағы бір тобы жаңа пәтер үйлер алды.

Быйылғы жылы теміржолшылар үшін 150 жаңа пәтер пайдалануға беріледі.

А. УАХИТОВ.

## Шаңғышылардың облыстық жарысы

Жуырда қала сыртындағы «Борки» жанында шаңғышылардың 1954 жыл бойынша облыстық жарысы өткізілді. Бұл жарысқа облыстың 10 ерікті спорт қоғамдары мен жеті ауданынан құрама командалар қатысты. 230 спортшы облыс бойынша бірінші орын алуға ие болу үшін жарысқа келді.

Ойынның алғашқы күнінен бастап-ақ командалық бірінші орынды алуға «Пищевик» және «Локомотив» ерікті спорт қоғамдары командаларының арасында қызу күрес болды. Нәтижеде еркектер үшін 4x10 километрлік эстафетада пицевиктер бірінші орынды жеңіп алды. Олардың бұл қашықтықты жүріп өту көрсеткіштері өткен жылғыдан 43 минут 16 секунд кем. 4x5 километрлік әйелдер эстафетасында бірінші орынды «Пищевик» ерікті спорт қоғамының әйелдер командасы жеңіп алды.

Жарыстың екінші күні өткізілген еркектердің 18 километрлік жарысында «Локомотив» ерікті спорт қоғамының жас спортшысы Пономарев бірінші орынға ие болды. Бұл қашықтықта

өткен жылы жеңіп шыққан Гакельберг екінші орында қалды. Ал, 5 километрлік қашықтықты жүріп өтуден әйелдер арасында бірінші орынды Хижнева жеңіп алды.

Жарыстың ақырғы күні еркектер үшін 30 километрлік, әйелдер үшін 10 километрлік қашықты жүріп өту жарысы өткізілді.

Жарыс қорытындысында командалық бірінші орынды «Пищевик» ерікті спорт қоғамының құрама командасы жеңіп алды, екінші орынға «Локомотив» командасы шықты. Селюльк аудандардан келген спортшылардың ішінде Булаев ауданының құрама командасы жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Жеңіп шыққан командаларға ауыспалы жүлде, бағалы сыйлықтар және облыстық денсаулық сақтау бөлімі физкультура және спорт секторының дипломы тапсырылды.

Е. КӘДІРОВ.

облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің физкультура және спорт жұмысы жөніндегі орыбасары.

## ШАХМАТ ТУРНИРИ

Облыс бойынша бірінші орын алу үшін өткізілген шахмат турнирі аяқталды.

Бірінші орынды және Солтүстік Қазақстан облысының 1954 жылғы чемпионы құрметі ағаын № 4 орта мектептің мұғалімі, бірінші разрядші О. Брижак («Искра» ерікті спорт қоғамы) жеңіп алды. Ол мүмкіншілігі бар 12 ұпайдан 11,5 ұпай алды.

«Урожай» ерікті спорт қоғамының шахматшысы Д. Корсаков жолдас 9 ұпай алып, екінші орынға, 8 ұпай алған Рамазанов үшінші орынға ие болды.

Турнирде жеңіп шыққандарға диплом және бағалы сыйлықтар берілді.

Н. БЕЛОЗЕРОВ.

Жарыстың бас төрешісі.

## ФРАНЦИЯҒА АМЕРИКАН ҚЫСЫМЫ

Аденауэр мен Бидоның арасында болатын келіссөздер туралы француз баспасөзінің пікірі

ПАРИЖ, 5 март. (СОТА). Көптеген Париж газеттері 9 мартқа белгіленген Аденауэрдің Бидомен Парижде болатын келіссөздері шеттен болған қысымның өктемдігі және оның «европалық армияны» жасақтау туралы Париж соғыс договорын ратификациялауды тездетуге француз парламентін күшпен көндіруге бағытталғандығын баса көрсетеді.

«Эко» газеті Бидомен кездесуге Аденауэр көрсетіп отырған асығыстық —Берлиннен қайтқан сапарында Боннда Аденауэрмен кездесіп, оған Даллестің берген кеңестерінің нәтижесі деп жазады.

«Эконың» мәлімдемесі бойынша, Батыс Европа елдері үшін қарыз беру туралы марттың орта кезінде американдық конгресінде мәселе талқыланатындығын пайдаланып, Даллес дәл кәзіргі уақытта «Саар проблемасын талқылау» деген сылтаумен осы адымды қолдануды Аденауэрға бұйырған. Американдық осы айла-тәсілдің мақсаты мен сиқыр аша келіп, газеті: «Европаны біріктірудің кідіруі және европалық қорғаныс бірлестігі туралы договорды ратификациялауды тоқтатылуы Европаға қарыз беру үшін дауыс беруге тиіс болып отырған американдық парламент мүшелеріне көңілсіз әсер ететіндігі онша ұзаққа бармайды» деп жазады.

«Комба» газетінің жазуына қарағанда, канцлер Аденауэр мен Джорж Бидоның арасындағы болатын келіссөздердің мақсаты европалық қорғаныс бірлестігі туралы мәселе болып табылатын көрінеді. Үкмет топтары мен кейбір газеттердің дәлелдеуге тырысып отырғанындай, өңгіме «Саар проблемасын реттеу» туралы болайын деп отырған жоқ, деп атап көрсетеді газеті. «Аденауэрдің келуі. —деп мәлімдейді «Комба». —Саар статусын реттеу туралы француз парламенті қойып отырған шартты орындайды деп Ұлттық жыйыныстың сенуі неғайбіл».

## БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУШЫЛАРДЫҢ ЧЕХОСЛОВАК КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖЛІСІ

ПРАГА, 5 март. (СОТА). Кеше бейбітшілікті қорғаушылардың Чехословак комитетінің кеңейтілген мәжілісі болды.

Төрт ұлы держава сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінің қорытындысы туралы бейбітшілікті қорғаушылардың Чехословак комитетінің председателі А. Годинова —Спурна баяндама жасады.

Баяндама бойынша жарыссөздерден кейін бейбітшілікті қорғаушылардың Чехословак комитеті қарар қабылдады, онда Берлин кеңесінде талқыланған герман, австрия мәселелері және «Европа хауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» мәселе күн тәртібінде қала тұрады делінген.

«Осы мәселелердің шешілуіне бәрінен бұрын біздің халқымыз ынталы, — деп баса көрсетіледі үндеуде.— Берлинде Совет үкіметі енгізген ұсыныстарға

Біздің әзірлігіміз

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында және партия мен үкіметтің онан кейінгі қаулыларында астық шаруашылығы — бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі екені атап көрсетіліп, 1954—1955 жылдары миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар, ең бірінші кезекте бидай өндірісін ұлғайту міндеті қойылады. Бұл міндетті орындауда колхоздарда мемлекеттің индустриалдық-техникалық базасы ретінде МТС-тер зор роль атқарады. МТС қызметкерлерінің СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі шақырған Бүкілодақтық партия мен қатысушылар өзінің үндеуінде Совет Одағының машина-трактор станцияларының барлық жұмысшыларын, мамандары мен қызметшілерін Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету туралы тарихи қарарларын орындауға барлық күш-мүмкіншілікті толық жұмылдыруға шақырды.

МТС қызметкерлерінің үндеуі, бүкіл еліміздегі сыяқты, біздің станция коллективінен қызу қолдау тапты. МТС-тің механизаторлары Бүкілодақтық социалистік жарысқа ұштасып, бүкіл ауылшаруашылық өндірісін онан әрі мықтап өркендету, оның негізгі саласы — дәнді дақылдар егісін тың және тыңайған жерді игеру есебінен ұлғайту жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды. Сонымен қатар, механикаторлар мен ауыл шаруашылығының мамандары өздерінің өндірістік жыйналыстарында тың және тыңайған жерлерді игерудегі өздерінің көп жылдық тәжірибелерін баяндап, бағалы ұсыныстар жасады.

Көзір МТС дирекциясы мен партия ұйымы механизаторлар мен ауыл шаруашылығы мамандарының инициативалары қолдай отырып, өзінің бүкіл ұйымдастыру және бұқаралық жұмысын тың және тыңайған жерлерді көптеп игеру, сөйтіп, дәнді дақылдарға арналған егіс көлемін еселен ұлғайту мақсатына бағыттап отыр. Өткен жылғы декабрь айынан бастап МТС өзінің агрономдары мен жерге орналастырушы мамандарын топ-топқа бөліп, колхоздарға жіберді. Олар колхоз басқармаларымен, колхозшы шаруалармен бірлесіп отырып, әрбір колхоз бойынша, бригада бойынша пайдаланылмай келген тың және тыңайған жерлерді зерттеді. Сөйтіп, бұл жерлерді 1954—1955 жылдары толық және тиімді пайдаланудың жоспарларын жасады. Тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі арнаулы жоспарлар колхоз басқармаларының мәжілістері мен колхозшылардың жалпы жыйналыстарында талқыланды. Мәселен, «Еркіндік» ауылшаруашылық артелинің колхозшылары өздерінің мүмкіндіктерін есептей келіп, үстеміздегі жылы 2300 гектар жаңа жерді игеруді, мұның 400 гектарына көктемде бидай егуді ұйғарды. Осы сыяқты, «Борьба за коммунизм», «Совет», Молотов атындағы және басқа колхоздар

басталды. Мәселен, «Борьба за коммунизм», Ленин атындағы колхоздарда егістік жерлерге қар тоқтату, соның ішінде жаңа жерлерге қар тоқтату жұмыстары аяқталуға жуық. Сонымен қабат, егістік жерлерге жергілікті тыңайтқыш заттарды тегу жұмыстары мұқият ұйымдастырылды.

МТС қамтуындағы колхоздар көктемгі егіске қажетті дәнді дақылдардың тұқымын тазарту, оны шығымдылық сапаға жеткізу жұмыстарын қызу жүргізуде. «Борьба за коммунизм», «Совет» колхоздары дәнді дақылдардың тұқымын тазалау және оны шығымдылық сапаға жеткізу жұмыстарын мұнан онкүн бұрын аяқтады. Қалған колхоздар бұл жұмысты сайлау күніне дейін аяқтауды өздерінің басты міндеті етіп қойып отыр. МТС жабайы тұқымын сортты тұқымдарға айырбастау жұмысын тез жүргізу мақсатымен колхоздарға бес трактор бөді.

Быйыл колхоздар бірінші рет омыртқалы шымтезек-шірінді құмыраларда өсіреді. Сондықтан МТС агрономдары бұл жұмысты өздері тікелей басқарып, колхоздарға көмек көрсетуде. «Борьба за коммунизм», «Совет» колхоздарында 6 мыңнан, ал МТС бойынша 30 мыңнан аса шымтезек-шірінді құмыралар әзірленді.

Алда тұрған зор міндеттерді орындауда трактор және ауылшаруашылық машиналарын кезінде сапалы жөндеудің, механикатор кадрларын көптеп даярлаудың маңызы зор. Біз тракторларды жөндеу жұмысын тораптық әдіспен жүргізудеміз. Көзір трактор паркінің 75 проценті, басқа ауылшаруашылық машиналары түгелге жуық жөндеуден өтті. Тракторларды жөндеу жұмысын 20 мартта толық аяқтауды ұйғардық. Көктемгі егіс маусымына қажетті жанар май МТС қоймаларына тасылып алынды.

МТС механизатор кадрларын даярлау ісіне ерекше назар аударуда. Станцияның жанындағы күресте 55 адам, Петропавлдың механизация училищесінде 20 адам оқыйды. Олар тракторшы мамандығын алады. Жас кадрлар бұрынғы механизаторлармен бірге, тракторлардың екі есе-нада жұмыс істеуін қамтамасыз етуге көп мүмкіндік жасайды. Жаңа техниканы тиімді пайдалану үшін біз бірнеше мамандықтарды игеру жөнінде арнаулы күрс ұйымдастырдық. Мұнда көптеген механикаторлар оқыйды. Осының нәтижесінде Маркель, Леонов және басқа жолдастар комбайншы, тракторшы, токар және слесарьлық мамандықтарын меңгерді.

### Табысты ұйымдастырушылар

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын орындай отырып, МТС партия ұйымы партиялық-саяси жұмыстың жайын біраз жақсартып, коммунистердің авангардтық ролін арттырды. Ұйымда 25 коммунист бар. Олардың басым көпшілігі өндірісте тікелей жұмыс істейтін, механизаторлар, агрономдар мен зоотехниктер.

Қазақстанға Отанымыздың астанасы — Москвадан, Украинадан және басқа туысқан республикалардан жаңа жерлерді игеру үшін жас патриоттардың келе жатқанын және келе бастағанын зор қуанышпен естіп білдік. Көзір МТС еліміздің түкпір-түкпірінен көмекке келе жатқан мамандарды құрметпен қарсы алып, олардың өнімді еңбек істеуі үшін жағдайлар жасау шараларын белгіледік.

### Кейбір тілектеріміз

Жоғарыда айтылғандай, МТС астық шаруашылығы өндірісін ұлғайту жөнінде біраз әзірлік жұмыстарын жүргізді. Бірақ, мұның бәрінен біздің жұмысымызда кемшіліктер жоқ деген ұғым тұмайды. Станция трактор бригадаларын қамту, көшпелі жөндеу мастерскойларын ұйымдастыру, кадрлардың мамандығын арттыру және басқа осы сыяқты көп жұмыстар жүргізуге тиіс. Біз астық шаруашылығы өндірісін ұлғайту үшін қолда бар мүмкіншіліктің бәрін тиімді пайдаланудың шараларын жүзеге асырамыз. Бірақ, бірқатар міндеттерді орындау мүддесі жабдықтау, сауда орындары мен басқа ұйымдардың көмегі қажет етеді.

Ең алдымен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының көмегі жеткіліксіз. Станцияның жөндеу мастерскойында бірде-бір токарлық, жону немесе фрезер және басқа станоктердің болмауына қалай тозуға болады? Жөндеу мастерскойы небары 27—30 тракторға ғана арналған. Ал, станцияда быйыл жемінде 120 қуатты трактор болады. Алайда, облыстық ауыл шаруашылық басқармасы біздің МТС-те жөндеу мастерскойын салуды жоспарлауды ұмыт қалдырып келеді.

Сауда орындары мен мәдени-ағарту мекемелері өздерінің жұмыстарын өлі де болса МТС механизаторлары мен мамандарының қажетіне сай ұйымдастырып отырған жоқ.

Осы сыяқты, механизаторлар үшін кинофильмдер де сирек көрсетіледі. Январь, февраль айларында небары екі-үш рет ғана кинофильм көрсетілді. Аудандық мәдениет бөліміндегілер механизаторлар үшін ауылшаруашылық фильмдерін көрсету қажеттігі жөніндегі дабылға құлақ аспай келеді. Сонымен қатар, біздің механикаторларымыз саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі мен облыстық лекциялық бюроның лекторларын өзінде көре алмауына қатты қынжылады.

Жабдықтау орындары, сауда ұйымдары және мәдени-ағарту мекемелері МТС-тің және механизаторлардың қажетін өтеу үшін барлық шараларды қолданып, бүкіл-халықтық іске өздерінің үлестерін қосуға тиіс. Біздің тілегіміз, міне, осындай. Ал, МТС қызметкерлеріне келсек, олар Отан алдында, колхозшы шаруалар алдында борынты болып қалмайды, астық шаруашылығы өндірісін мықтап өркендету жолындағы күрескерлердің алдыңғы сапында болады.

Ленин атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) мүшесі М. Ерденев жолдас намының ұлғайғандығына қарамастан колхозда етікті болып істейді. Ол өзіне жүктелген міндетті орындау колхозшыларға көмек көрсету деп түсініп, колхозшылардың аяқкиімдерін қолма-қол тігіп, жамап беріп отырады.

Жуырда колхоз бригадирі тігіп және жамап беру үшін Ерденев жолдасқа 25

### САЙЛАУШЫЛАР ҮШІН

Жақында Совет ауданының орталығы — Смирнов селосындағы клубта сайлаушылар үшін «ССРО Конституциясы ең демократияшыл Конституция» деген тақырыпта лекция оқылды. Лекциядан кейін Смирнов орта мектебі көркемөнершілерінің күшімен концерт берілді.

Г. БАЛТАБАЕВ.

### Жарияланбаған хаттың дерегі

#### «Село адамдарының тілегі»

«Ленин туы» газеті редакциясына осы тақырыпта тілші хаты түскен болатын. Онда Приешім ауданындағы Өрнек селосының Поляковка селосындағы бөлімшесін басқарушы Г. Терехиннің советтік сауда төртінші бұрмалап, товарларға үстеме баға қойып сататындығы айтылған болатын.

Приешім аудандық тұтынушылар одағының председатели Максютов жол-

дар етік, 15 пар пима әкеліп берді. Ерденев жолдас ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын барлық колхоз мүшелері сыяқты лайықты тартулармен қарсы алу үшін бұл тапсырманы аз күн ішінде орындап шықты. Сөйтіп, ол 5 күн ішінде 25 пар етікті сапалы етіп жөндеп, 15 пар пимаға табан салып берді.

Ж. БИРАЕВ.

### МАШИНА САТЫП АЛДЫ

Жуырда Абай атындағы ауылшаруашылық артели (Преснов ауданы) жаңа жүк машинасын сатып алды. Бұл артель орталығындағы үшінші машина.

Артель басқармасы быйылғы жылы тағы да бірнеше жүк машиналарын сатып алуды жоспарлап отыр.

В. ДУИСЕНБЕКОВ.

### Жарияланбаған хаттың дерегі

#### «Село адамдарының тілегі»

«Ленин туы» газеті редакциясына осы тақырыпта тілші хаты түскен болатын. Онда Приешім ауданындағы Өрнек селосының Поляковка селосындағы бөлімшесін басқарушы Г. Терехиннің советтік сауда төртінші бұрмалап, товарларға үстеме баға қойып сататындығы айтылған болатын.

Приешім аудандық тұтынушылар одағының председатели Максютов жолдас бұл жөнінде редакцияға мынаны хабарлады: Поляковка селосындағы бөлімшенің бастығы Терехиннің товарларға үстеме баға қосып сататындығы жөнінде тілші хатында көрсетілген фактілер тексеріп жүргізгенде толық анықталды. Терехин қызметтен шығарылып, оның ісі сотқа берілді.

### АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІНЕ

ССРО сауда министрлігінің Свердловскідегі «Союзпосылторг» бөлімшесі Азаматтардың жеке заказдары бойынша мына товарларды посылкамен жібереді:

- ВЕЛОСИПЕД Сталин атындағы завод жасап шығарған ерлердің жол жүретін В—110 велосипеді — 698 сом. Әшекейлеп сырланған осы сыяқты, велосипед—717 с. 40 т. Динамосы, алдыңғы фаросы және километр есептегіші бар велосипед — 786 с. 70 т. Харьков заводы жасап шығарған тормозы, алдыңғы фаросымен динамосы бар жол жүретін жеңіл В—32 «Турист» велосипеді — 995 сом.
- ВЕЛОСИПЕД Львов заводы жасап шығарған әшекейлеп сырланған В—22 әйелдердің жеңіл велосипеді — 778 с. 80 т. Қол тормузы, алдыңғы фаросымен динамосы бар жас еспірім балалардың В—72 «Орленок» велосипеді—586 с. Қыз балалардың В—82 «Ласточка» велосипеді — 600 сом.
- ВЕЛОСИПЕД 6—9 жасар балалар үшін Горький заводы жасап шығарған екі дөңгелекті велосипед — 188 сом. Велосипед динамосы, алдыңғы фаросымен бірге — 66 сом. 60 т.
- ПАТЕФОН Бір пружиналы партативтік ПТЗ патефоны — 365 сом. Товарлардың бағасы ішіне бөлшек сауда бағасы, буып-түю және жөнелту, сондай-ақ почта қызметі үшін алынатын ақы қосылады.
- Сол сыяқты, мұнда патефонның мембрандары және пружиналары, радиоқабылдағыштардың радиолампалары, түрлі көлемдегі мотоцикл және велосипед покрывшалары, волейбол покрывшалары мен камералары, 125 және 250 мм. логарифметикалық линейкалар және басқа товарлар сатылады.
- Бұл товарлардың бағалары мен оларды жөнелту шарттары әрбір почта бөлімдерінде болатын «Союзпосылторгтың» прейскурантында көрсетілген.
- Посылкалар жоғарыда көрсетілген товарлардың тұрар бағалары почта арқылы толық алынғаннан кейін ғана жіберіледі.
- Почтамен ақша жібергенде толтырылатын талонға фамилияңызды, атыңызды және әкеңіздің атын, адресіңізді, талонның сыртқы бетіне — алғызатын товардың аты мен санын толық және анық жазыңыздар.
- Заказдар мен ақшаны мына адреске жіберіңіздер: Свердлов қаласы, Решетников көшесі, 23-үй «Союзпосылторгтың» Свердлов бөлімшесі.

мемлекеттің арасында 50 жылдық мерзімге коллективтік хауіпсіздік туралы договор жасасу үшін енгізген Совет үкіметінің ұсынысы халықтар арасында бейбітшілікті қамтамасыз ету тілектеріне толық жауап береді.

Уақыт озған сайын халықтардың бейбітшілікке, экономикалық және мәдени ынтымақтастыққа ұмтылып отырғандығы айқын бола түсуде. Біз осы тілектерді жүзеге асыруға бейбітшілік сүйгіш халықтар мүмкіншілігінің жеткілікті екендігіне берік сенеміз.

Чехословак халқының атынан Совет Одағының үкіметіне оның бейбітшіліктің игілігіне бағытталған ұлы ісі үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Барлық елдер халықтарының өмірлік мүдделеріне толығынан жауап беретін совет ұсыныстарын жүзеге асыру үшін күресті біз үнемі қолдап отыратын боламыз. Совет халқымен және барлық елдердің халықтарымен мызғымас достықта бола отырып, біз жаңа соғыс хауіпін болдырмау үшін күресті батыл түрде жүргізе береміз.

Герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешу үшін 1953 жылы октябрьде болған чехословак съезінің қарарларына сәйкес, біз біртұтас, тәуелсіз және бейбітшілік сүйгіш мемлекет үшін күрес жолында Германияның демократияшыл, бейбітшілік сүйгіш күштеріне өзіміздің моральдық және саяси қолдауымызды күшейте түсеміз».

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ВЫБОРГ ЖАҒЫ»  
Сеанстар күндізгі сағат 10-30, 12-30, 2-30-да басталады.

«БҮРГЕНДІ ТОҒАЙ»  
Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-40, 10-40-та басталады.

### «ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«СЕЛО ДӘРІГЕРІ»  
Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,30-10,10-да басталады.

Петропавлдағы совхоз су құрылысының құрылыс-монтаж басқармасына түпкілікті жұмысқа құрылысшы инженер және техниктер, гидротехника инженер және техниктері, гидрогеологтер, экваторшылар, тракторшылар, бульдозершілер, бұрғылаушы мастерлер КЕРЕК.

Адрес: Папанин көшесі, 111-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00511. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.